

Сөйтіп Абай өлеңдері қазақ даласында ауыздан ауызға таралып кете барды. Оның өлеңдері қолдан қолға көшіріп алынды. Ондай қолжазба көшірмеге ие болу әрбір сауатты қазақ үшін зор ғанибет болатын. Кейінірек Абайдың туындыларын оның ұлы Тұрағұл жинастыра бастады. Абай өлеңдерінің ең алғашқы жинағы 1909 жылы ақын Кәкітайдың арқасында Қазан қаласында басылып шықты. Абай Құнанбаевтың өлең-дерін жинауға және бастырып шығаруға көп күш-жігер жұмсап, игі ықпал еткен адал ақын Көкбай Жанатайұлы (1864—1927) болды. Ол өлеңдер белгілі қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханұлының редакциясымен басылып шықты.

Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Абай қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Абай есімі дүниежүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гётелермен қатар тұрады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы саналады. Қазақстанда ұлы Абайдың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге, Алматы Ұлттық университетіне, Алматы қаласындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына берілген. Ұлы ақынның құрметіне Қазақстан мен Ресейде ескерткіштер орнатылған. Қазақстанның жоғары оқу орындарында Абай шығармашылығына арналған халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар жыл сайын өткізіліп тұрады. Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы 1995 жылы дүниежүзілік ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті.

"Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың қара сөздерінің қазіргі жастар үшін тәрбиелік мәні зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Книга слов: Поэмы. Перевод с казахского К.Серикбаевой, Р.Сейсенбаева Алматы: ЕЛ, 1993-272 с. (на казахском языке).
2. Х.Суюншалиев Проза Абая (на казахском языке).
3. Омаров. Д. О 58 Абайдың рухани мұрасы. – Алматы: "Ел-шежіре" баспасы, 2007. – 264 б.

Төлеуқан Е.К., Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Машина жасау факультеті, НВП-19-2 тобының студенті
(Ғылыми жетекшісі – ПОМ-18-1 тобының магистранты Жеңіс А.)

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Жаңа сипаттағы, заман талабына сай болашақ мамандарды даярлаудың мақсаты заманауи техника мен инновациялық технологияларды құру қабілеті болып саналады. Білім беру жолындағы осындай басым бағыттардың бірі оқытудың құзыретті тұрғыға ауысуы. Көптеген зерттеуші ғалымдар кәсіби құзыретті тұрғының құрамын жалпы, кәсіби, техникалық, инженерлік, зерттеушілік және т.б. құзыреттілік түрлерін қосып қарастырады.

Бүгінгі таңда отандық университеттер маман даярлау үдерісін құзыреттілік тұғыр аясында жүзеге асыруда. Осыған орай ЖОО білім беру жүйесін реттейтін құжат – ҚР МЖМБС қайта қаралып, кәсіби құзыреттіліктер тобы енгізілді.

«Құзыреттілік» ұғымы ең алғаш рет еңбек әлемінде және өнеркәсіп мекемелерінде пайда болды. «Түйінді құзыреттілік» термині ретінде 1992 жылы Еуропа Кеңесінің «Еуропадағы орта білім» жобасында пайда болған. Бұл жобаның міндеті – Еуропа одағының құрамындағы елдерде білім берудің мақсаты мен мазмұнын, оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау механизмдерін талдау болып табылады. Халықаралық еңбек ұйымы жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мен басқарма кадрларының біліктілігін арттыру жүйесінен өтетін мамандардың біліктілік талаптарының қатарына «түйінді құзыреттіліктер» ұғымын енгізген. Кәсіптік мектепте 1990 жылдан бастап мамандарды даярлауда құзыреттілік ұғымдары қарастырылып келеді [1, 18-22 б.].

Зерттеушілік құзыреттілік – бұл игерілген зерттеушілік білімдер мен біліктерді шынайы практикада қолданудағы тиімділік. Зерттеушілік құзыреттілік теориялық сауаттылықта, педагогикалық-психологиялық зерттеулердің әдістерін игеруде, эмпирикалық мәліметтерді статистикалық өңдеу білігінде, қорытынды жасау, зерттеу нәтижелерін көрсетуде көрініс

табады. Зерттеушілік құзыреттілік педагогикалық құндылық болып табылады. Ол әлеуметтік педагогта зерттеушілік іс-әрекетке, оның субъектісі ретінде өзіне құндылық қатынастың бар екенін көрсетеді. Қалыптасқан зерттеушілік құзыреттілік қарастырылып отырған мәселенің мақсаты мен міндеттерін дұрыс анықтауға, қажетті әдебиеттерді іріктеуге, диагностикалық құралдарды таңдауға, болжамды алдын ала көруге және түзетушілік жұмыс кезеңдерін жасауға көмектеседі.

Жаңа заман тұлғасының қалыптасуы мен оған білім беруде құзыреттілік тұрғыдан қарау мәселелеріне елеулі көңіл бөліп, жан-жақты зерттей білген М.А.Абсаматова, Э.Уайдуллақызы, Б.М.Баймұханбетов сияқты ғалымдарымыздың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Сонымен қатар, ғалымдардың зерттеулерінде бакалаврдың зерттеушілік біліктерін қалыптастыру, ал соңғы жылдары – оның зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру - білім берудің қажетті нәтижесі болып мойындалады.

Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі түрлі әдіснамалық тұғырлар аясында көптеген ғалымдармен қарастырылған.

Тұлғаға бағдарлы тұғыр білім алушының зерттеушілік құзыреттілігі қалыптасуында оларды өз ісінің субъектісі ретінде сезінуіне, өзіндік әлеуетін, сапаларын аша білуге және дамытуға ықпал етеді. Тұлғалық-бағдарлы тұғырдың негізі мақсат, субъект, нәтиже, дамудың негізгі көрсеткіші ретінде білім беру үдерісінің тұлғаға бағдарлануы [2, 23-26 б.].

Жалпы түлектерді даярлау сапасы ЖОО-ның білім беру ортасындағы көптеген ерекшеліктермен анықталады. Осыған орай, студенттердің болашақ мамандығының шеңберіндегі кәсіптік құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін білім беру ортасы кәсіби-бейімделген болуы керек. Бұл ортаның өз мамандығына қатынасы, басты міндеттерді шешудегі шығармашылық тұрғыға бағытталуы тиіс.

Техникалық ЖОО-дағы студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру барысында, біз құзыреттілік – бұл кәсіби әрекетті тиімді орындауға бағытталған жалпыланған тәсілдің және жалпы білімнің тұтас, жүйеленген жиынтығы, деп түсінеміз. Оқу барысында студенттерді барлық кәсіби міндеттердің шешімін табуға үйрету мүмкін емес, бірақ шынайы мәселелерді шешуде шығармашылық тұрғыдан қарауға үйрету маңызды болып саналады.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру міндетті болып табылады, толығырақ атап айтқанда, университетте кадрларды даярлаудың ажырамас бөлігі. Сонымен қатар ҚарМТУ-дегі білім беру мен ғылыми үрдістер бірлігінің негізінде шешілетін міндеттердің қатарына кіреді.

Университетте студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың мақсаты – ғылыми-зерттеу қағидаларын оқып-үйрету, студенттердің ғылыми-зерттеу әрекеттерін тұрақты және тиімді етіп құру, ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беру. Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуға жұмылдырады. Ол өз кезегінде тұлғаның жан-жақты дамуына, объективті өзін-өзі бағалаудың қалыптасуына әсер етеді. Сонымен бірге заман талабына сай қоғамның өзекті мәселелерін шешуге қатысуға, өзінің қабілеттерін жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысымен (СҒЗЖ) айналысуы болашақ кәсіби мамандарды даярлау үрдісіндегі және ЖОО-дағы оқу-зерттеу әрекеттерін жүзеге асырудағы маңызды құралдың бірі екені айтылды. Сондықтан да ЖОО-ның студенттері фундаменталды білім алумен қатар, кәсіби білімдерін жетілдіре түседі, белгілі бір мәселелерді шешуге үйренеді, шығармашылық көзқарастары мен ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырады.

СҒЗЖ ұйымдастыру барысындағы зерттеу жұмысының мақсаты студенттердің оқу үрдісінде зерттеу қиындықтарын біртіндеп күрделендіру. Егер ЖОО-ның студенті бірінші және екінші курстарда зерттеу жұмысының жалпы ғылыми дайындық жасаудағы жаңашылдығымен, ғылыми жұмысты орындау қабілетімен және оның қарапайымдылығымен танысып, ғылыми жұмысты орындауға деген өзінің көзқарасын қалыптастырады. Мысалы олар түрлі рефераттар, баяндамалар жазып, әдебиеттерді талдау, практикалық және зертханалық жұмыстар шеңберіндегі ғылыми зерттеу жұмыстарын орындайды [3].

Сонымен қатар машина жасау факультетінің «Кәсіптік білім және педагогика» кафедрасында 5В012000 – «Кәсіптік оқыту» және 5В010400 – «Бастапқы әскери дайындық» мамандықтарының студенттеріне арналған «Педагог-зерттеуші» атты студенттік ғылыми үйірме ұйымдастырылған. Үйірменің зерттеу тақырыптары алдын-ала қарастырылып, оқу жылының басында кафедра отырысында бекітіледі.

Бұл үйірмеде студенттер ғылыми-зерттеу жұмысының алғашқы дағдыларын қалыптастырады, жаңа шығармашылық идеяларды іздеу әдісі бойынша теориялық және практикалық дағдыларын меңгереді, арнайы ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу біліктерін тереңдете түседі. Аталмыш студенттердің бойындағы білім, білік, дағдыларын қалыптастырып, оларды әрі қарай жетілдіру үшін және студенттерге зерттеу жүргізуге мүмкіндік беретін кафедраның заманауи материалдық базасы құрылған.

Түйіндеп айтқанда, студенттердің ғылыми шығармашылығын бақылып, басқаруда – бекітілген кестеден тыс жұмыс көлеміде орындалып өз нәтижесін беріп отырады. Студенттік ғылыми үйірме жұмысының негізгі аспектісі студенттердің ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру, ҚарМТУ-нің ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді жоғарылату, оларды орындауға студенттерді қатыстыру, жоғары білікті мамандар даярлаудың сапасын арттыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Муслимова А.Е. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына кәсіби қызығушылығын қалыптастыру. – <http://www.rusnauka.com/>
2. Демченко, З.А. Научно-исследовательская школа студента исследователя // Высшее образование в России, 2010. – № 12. – С. 155-158.
3. Студенттерді ғылыми зерттеу жұмыстарына дайындау. – <http://kazorta.org/studentterdi-ulyimi-zertteu-zh-mystaryna-dajyndau/>

Тулбай М.Б., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КФ-31 тобы, студент
(*Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент Жуынтаева З.Н.*)

ӨЛЕҢ ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ АТАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕР МӘСЕЛЕСІ

Поэзияның өзіне тән ерекшелігі, өз алдына бостандығы, әдебиеттану ғылымының үлкен бір дербес саласы екендігі оның айрықша тілдік формалары арқылы жүзеге асуда десек қателескендігіміз емес. Жалпы бұл мәселеде тілдік ерекшеліктердің арасында синтаксистің маңызы зор.

Қазақ тіл білімінде поэзиялық шығармалардың синтаксистік ерекшеліктері, яғни оның құрылымы барынша қарастырылғанымен, өлең мәтініндегі поэтикалық синтаксистік семантика, оның құрылысының коммуникативтілігі сынды жайттар назардан тыс қалып қойғандығы шындық. Осы аталған мәселелер бойынша қазақ тіл білімінде зерттеулер жүргізіліп, біршама еңбектер жарық көрді. Бұлардың қатарына З.Ахметовтың «Өлең сөздің теориясы», Т.Қордабаевтың «Поэзиялық шығармалардың синтаксистік құрылысы», Р.Сыздықтың «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» сынды еңбектерді атауымызға болады. Аталмыш зерттеу еңбектерінде поэзиялық шығарма тілі, поэзиядағы сөйлем және оның ерекшелігі сынды өзекті тақырыптар қозғалған. Десек те, поэзия тілі және оның құрылысы, өзіндік структурасы, өлең мен проза айырмашылығы сынды тақырыптар қазақ лингвистикасында толық зерттеле қоймаған томаға тұйық тақырыптар болып саналады.

Атаулы сөйлемнің нақты бір анықтамасында бір ізділіктің болмағанымен, қазақ тіл білімінде негізгі қағидалары әлдеқашан қалыптасып қойған. Атаулы сөйлемдер тарихи жазба ескерткіштер мен фольклорлық мұраларда кездесе қоймайды[1,124]. Бұл - атаулы сөйлемге тән алғашқы қағиданың бірі. Негізінен, атаулы сөйлемдер тарихи жазбалар мен фольклорлық шығармаларда өте сирек кездеседі дегенімізбен, «Атаулы сөйлем шығу жағынан бірінші пайда болған» деген пікірлерді ескеретін болсақ, бұл қағида мен пікірдің бір-бірімен сәйкес еместігін түсіне аламыз[2,170].

Қазақ ғалымдарының арасында әлі күнге дейін бір қалыпқа түсе келе алмай жатқан мәселенің бірі – атаулы сөйлемнің мағыналы түрлеріне байланысты. Қазақ тілінің академиялық грамматикасында атаулы сөйлем мекен атаулы, мезгіл атаулы және зат атаулы болып үш мағыналық түрге бөлінеді[1,128]. Р.С.Әміров атаулы сөйлемдерді мағынасына қарай үш топқа бөледі: 1) бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемдер; 2) эмоциялы атаулы сөйлемдер; 3) сөгіс, тілек мағыналы атаулы сөйлемдер. Ал С.Аманжолов болса, мағына, құрылыс жағына қарай: 1) жай зат атауы; 2) меншікті атау; 3) әліптемелі атау деп үш түрге жіктейді. А.Әбілқажыев болса, қалыпты атаулы сөйлемдерді үш түрге топтастырады. Олар: 1) мекен атаулары; 2) мезгіл атаулары; 3) құбылыс (зат) атаулары. Бұл бөліністердің барлығы атаулы сөйлемнің мәтін